



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLIK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

гипотеза, цели обучения [2, 55с]. Проектная технология может осуществляться за короткое время. Например, подготовить мини-проект на следующий урок: «Онегин и Печорин – единомышленники» (по произведениям А.С. Пушкина «Евгений Онегин» и М. Ю. Лермонтов «Герой нашего времени»); физика: «Исследование влияние шума на живые организмы», «Исследование земных электрических токов». В настоящее время с проектами учащиеся выступают на научно-практических конференциях. Такие проекты необходимо создавать продолжительное время. Учащиеся работают с большим количеством материала, перерабатывают информацию, проводят исследования.

В результате использования новых технологий, методов у учащихся появляется интерес к изучению учебных предметов. Они с удовольствием выполняют задания. Обучение становится осмысленным и понятным.

Современные технологии обучения и методы подготавливают ученика к жизни, качественно изменяют личность в отличие от традиционной системы образования. Несомненно, современные методы способствуют развитию ученика, учат его самостоятельно мыслить, принимать решения, анализировать необходимую информацию и применять ее в нужный момент.

Таким образом, внедрение новых технологий обучения и методов стало необходимостью на уроке.

Список литературы:

1. Концепция совершенствования системы подготовки и аттестации научных и научно-педагогических кадров в РК до 2010 года. – Астана, 2008. – 3 с.
2. Национальный доклад по состоянию и развитию образования в Республике Казахстан (краткая версия). – Астана, 2011. – 55 с.
3. Чурилов А.А. Современные технологии обучения в образовательных учреждениях // Молодой ученый. — 2012. — №11. — 25с

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Маткеева Улзира Канатбаевна
Муқанова Гульбану Мукашевна
Аймукатова Жанат Кабылтаевна
Ғ.Қайырбеков атындағы №9 орта мектебі

Аннотация

Баяндамада Қазақстанның өскелең ұрпағын білім бұлағынан, тәрбиенің қайнар көзінен сусындату мақсатында барша ұстаздар қауымы заманауи білім беру барысындағы инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді пайдаланып отырғандықтары жайында тоқталдық. Сонымен қатар, білім беру барысында жаңа технологияның әдіс-тәсілдері оқушы үшін де мұғалім үшін де тиімді деген тұжырымның дұрыстығын дәлелдеп, нақты іс-тәжірибе қолданып жүргендіктерін баяндайды. Мұғалімнің сабақты мазмұнды, жүйелі мақсатты түрде ұйымдастыруына, өткізуіне байланысты дарынды, қабілетті, ерекше білімді шәкірт қалыптасып, нәтижесінде білім сапасы артады деген тұжырымды дәлелдеп көрсетеді.

Аннотация

В докладе было отмечено, что в целях обеспечения подрастающего поколения Казахстана от источников образования и воспитания, все учителя активно используют инновационные технологии и методы в современном образовании. Кроме того, в процессе обучения демонстрируют верность выводов о том, что методы и приемы новых технологий эффективны и для ученика, а также используются на практике. В связи с тем, что учитель ведет урок содержательно, систематически целенаправленно и целенаправленно, он свидетельствует о том, что сформировался талантливый, способный, уникальный ученик, в результате которого повышается качество знаний.

Abstract

The report noted that in order to ensure the younger generation of Kazakhstan from the sources of education and upbringing, all teachers actively use innovative technologies and methods in modern education. In addition, in the learning process demonstrate the correctness of the conclusions that the methods and techniques of new technologies are effective for the student, as well as used in practice. Due to the fact that the teacher conducts the lesson in a meaningful, systematic, purposeful way, it indicates that a talented, capable, unique student has been formed, as a result of which the quality of knowledge increases.

Түйінді сөздер: мектеп, білім, технология, әдіс-тәсілдер, шығармашылық

Ключевые слова: школа, образование, технология, методы, творчество

Keywords: school, education, technology, methods, creativity

Бүгінде ғылым -білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам мұғаліміне жүктелер жүк еселене түсуде. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Ұстаздың қолында, адам тағдыры мен ел тағдыры тұр. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі»- деп ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі оқу орындары алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екендігі аян. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте: ойшыл, зерттеуші, педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психо-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаздар саны арту қажет.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар-шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Осы нақты бағыттарда жұмыс жасай отырып, біз білім беру жүйесінің жаңа мазмұнға ие болуына қол жеткізбекпіз, яғни қазіргі мектеп бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеруіміз керек.

Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстан ХХІ ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет-білім, білімді ұрпақ», -деп атап көрсетті. Білім мазмұнында оқушының өзіндік ойлау қабілеттерін, жеке көзқарастарын дамытуға тірек болар негізгі өзекті тауып, барлық ұғым-түсініктерді соған сәйкестендіре жүйелеу қандай маңызды болса, сабақта, сабақтан тыс ұйымдастырылатын оқу процесінде баланың білімді өздігінен меңгеруіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға, қажетті іскерліктерді қалыптастыруға бағытталатын жұмыстарды үйлестіре жүргізудің де мәні соншалық үлкен.

Егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алудамыз. ХХІ ғасыр-жаңа технология ғасыры. Қазақстанның өскелең ұрпағын білім бұлағынан, тәрбиенің қайнар көзінен сусындату мақсатында барша ұстаздар қауымы заманауи білім беру барысындағы инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді пайдаланып келеді. Білім беру барысында жаңа технологияның әдіс-тәсілдері оқушы үшін де мұғалім үшін де тиімді болып отыр

Біздер бүгінгі күні білім беру адамзаттың ортақ мүлкіне айналған дәуірде өмір сүрудеміз. Бір елде жаңалық ашылса, басқа жерде оны дер кезінде тез үйреніп үлгеруде. Біздің міндетіміз-дүниежүзіндегі білім бағытында болып жатқан жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, тиімдісін пайдалану. Заман талабына сай оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттыру үшін мұғалім ең алдымен:

- -жаңа технология әдісін көздеу керек;

- -әдісті назарда ұстау керек;
 - -әдісті ұйымдастырудың жолдарын ойластыра білу керек.
- Сондай-ақ, білім сапасын арттырудың мынадай жолдары бар:
- -дәстүрлі оқытудың табысты жақтарын ұстану;
 - -жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану;
 - -жаңа формациядағы мұғалім еншісін ұғындыру;

Мұғалімнің сабақты мазмұнды, жүйелі мақсатты түрде ұйымдастыруына, өткізуіне байланысты дарынды, қабілетті, ерекше білімді шәкірт қалыптасып, нәтижесінде білім сапасы артады. Әр педагог осы орайда қазіргі заманауи сабақ алгоритмін ұмытпау қажет. Сабақтың негізгі алгоритмдері: заманауи сабақ, тәжірибелік іс-әрекеттегі пәндік сабақ. Оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясында оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама болғандықтан күнделікті сабақта үнемі пайдаланып отырған жөн. «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының философиясын терең түсініп, әдістерін тиімді пайдаланған кезде мұғалімнің жетістіктері мынадай:

- -оқушылар мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады,
- -оқушылар өз бетінше ізденуге үйренеді,
- -сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге машықтанады,
- -тақырыпқа деген жан-жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, ой идеясының ішкі астарына үңілуде өзекті мәселеге терең барлауға бағыт береді. Ақпаратты саралауға, жүйелі жүргізуге дағдыландырады. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланады. Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге үйретеді. Әсіресе, қазақ әдебиеті сабақтарында шығарманың кейіпкерлеріне талдау жасау барысында, оқушылардың белсенділігі мен қатар білімдері де ұштастырылып өз ойларын ортаға салып, қорытындысын емін-еркін жеткізе біледі. Сол шығармалардың негізгі ойы қазіргі өмірмен байланысы тығыз екенін де дәлелдеуге тырысады. Шығарманың негізгі идеясы бойынша оқушылар өз алдына кейіпкерлерден туындаған сұрақтарды қойып және оларға жауап іздеп, әр мәселеге байланысты өз пікірлерін айтуға машықтанады. Кейіпкерлердің сөздерінен туындаған пікірлерді дәлірек қарастырып және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеп, ойларын түйіндей біледі.[1,б.236]

Ал «Сатылай кешенді талдау» технологиясы орта буын сынып оқушыларынан гөрі жоғары сынып оқушыларына тиімдірек. Себебі, талдау барысында өткен тақырыптар бойынша сұрақтар туындайды. Сол сұраққа жауап іздеу кезінде өтілген тақырыпқа қайталау жұмысы еріксіз еске түседі. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы физика, биология, химия пәндерін оқытқанда ғылыми тұрғыда анықтауды, себебін дәлелдемесін қажет ететін бағдарлама, сонымен қатар қорытынды анализ, өмірмен байланыс, тәжірибе, пысықтауды қамтиды. Осы шығармашылық жұмыстың барлығы ұтымды уақытты, сапалы білімді қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабағында ақын-жазушылардың шығармаларының негізгі идеясы мен тақырыбын ашу, талдау барысында оқушыларға сатылай кешенді талдаудың технологиясы арқылы талдатқанда оң нәтижесін бергенін байқап жүрміз. Оқушыларды шығармашылыққа баулу мақсатында сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерінің бірі 7-10 минуттық эсселер жазу кезеңінде оқушылар кейіпкерлерге, хат, эссе, мақаланы ерекше ықыласпен жазып, оқып берді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар мен интерактивті тақта мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, сабақта жаңа стратегиялар: «Ойлан,

жұптас, бөліс», «Сұрақ-конверт», «Қағып ал», «Бағдаршам», «Бас бармақ», «Синквейн», «Вен диаграммасы», «Пирамида», «Тақырыптық теннис» т.б. стратегияларды үнемі қолдану оқушылардың белсенділіктерін арттырып, білімге деген құштарлықтарын оятады. «Бала жүрегі-бейне шарайна тәрізді, сындырып алу жарай ма?» деген оралымды тіркес әр сабақтың мазмұнды бастауы секілді болады да тұрады. Әр шәкірттің жүрегінен орын алып, шуақ нұрын сеуіп, білім нәрімен сусындату жолында жаңаша технология әдістерін қолдана отырып, оқушыларды дамыта оқыту барысындағы ең тиімді жолдарды пайдалана білу шарт. Тиімді жолдардың үш түрі бар:

1. Қызығушылықты ояту
2. Мағынаны тану
3. Ой толғаным

Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен сапалы білім алуларына ықпал жасау үшін мынадай әдістерді:

- топтастыру әдісін,
- ассоциация әдісін,
- класстер әдісі
- жұп болып ой шақыру әдісін қолдану тиімді.

Сабақтың кезеңдерінде кубизм әдісін, бірін-бірі оқыту мен бетпе-бет оқыту әдісін пайдалану ең тиімді жолдар болып табылды.

Елімізде бүгінгі жалпы білім беруді кеңес дәуірінің 30- жылдарынан басталған. Сол жылдары мектепте берілетін білім мазмұны пәндік ұстанымда жүйеленуі ғылымдар классификациясына сүйеніп, жеке пәндер оқытыла бастады. Нәтижесінде, «Нені оқыту?» деген сұрақ аясында жеке пәндер бойынша берілетін білімнің құрамы мен құрылымы анықталып, көлемі белгіленеді. Бұл үрдіс тарихи кезеңдерден өтіп, бүгінде дәстүрлі болған оқу пәндер жиынтығы қалыптасты. Әр пән аясындағы білім мазмұнын оқушыға жүйелеп, өңдеп дайын күйінде жеткізетін болғандықтан, «Қалай оқытамыз?» деген сұрақ аясында әдістемелік ізденістер болды. Осы бағытта ұйымдастырылған білім беру жүйесінің соңғы нәтижесі жеке пәндер бойынша алынатын ББД болып табылады. Білім беруді ұйымдастырудың бұндай жолын шартты түрде жүйеге «кіруді» реттеу делінеді. [2,б. 4256]

Әлемдік білім беру кеңістігінде өркениетті елдерде білім беруді ұйымдастыруда екінші жолы орын алған. Оны шартты түрде жүйеден «шығуды реттеу» деген сөзді білдіреді. Бұл жолдың ерекшелігі неде? Мәселе, «Не үшін оқытамыз?» деген сұраққа жауап алудан басталады. Бұл сұраққа жауап ретінде алынатын соңғы нәтижелер нақтыланады. Бұл нәтижелерге жеке пәндер бойынша меңгерген ББД емес, өмірлік дағдылар жатады. Бұдан кейін шешілетін мәселе «Оқушыны оқуға қалай үйрету» деген сұрақпен байланысты. Демек, мұғалім, негізінен, оқушыларға жүйеленіп өңделген оқу материалды дайын күйінде ұсынбайды, баланы бетімен іздестіруге керекті қасиеттермен (білік, тәсіл т.б.) қаруланады. Осындай ұстанымда ұйымдастырған оқу үрдісінің нәтижесінде оқушылар өмірге қажетті кең ауқымды дағдыларды, құзырлықтарды меңгеріп шығады. Сонымен білім беруді ұйымдастырып оның сапасын қамтамасыз етудің екі жолының өзара айырмашылығы құндылық, жүйе, үрдіс, нәтиже деңгейіндегі өзгешеліктер мен байланыстар. Бұндай әдіснамалық деңгейдегі айырмашылық жалпы білім берудің мазмұндық және процессуалдық негізін реттеудегі өзіндік ерекшеліктерге әкеледі.

Сондай-ақ, іс-тәжірибе бойынша биология сабағында жаңа тақырыптар мен бөлімдерді өткен кезде тірек-сызба белгілерін мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану керек. Сызбанұсқаға оқушылармен бірге талдау жүргізіп отыру. Сызбанұсқаларды оқушылардың қатысуымен талдау керек.

Оқушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беру. Оқушының топпен және екі – екіден жұмыс жасауына

мүмкіндік беру. Қазіргі заманғы педагогикалық технология төмендегідей негізгі әдістемелік талаптарға сай болуы тиіс:

- Технологиялық сызба (карта) технологиялық үдерістің оны жеке функционалды бөліктерге бөлу және олардың арасындағы логикалық байланыстарды белгілеу арқылы көрсететін шартты бейнесі болуы қажет.

- Әр педагогикалық технология тәжірибеде игерудің белгілі бір ғылыми тұжырымдамасына негізделуі тиіс: білім беру мақсаттарына жету үдерісінің ғылыми негіздемесі болу шарт.

- Педагогикалық технологияның жүйелік сипаттары: үдерістің логикасы, барлық бөлшектерінің өзара байланысы, тұтастығының болуы қажет.

- Оқу үдерісін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек: кезеңді диагностика, нәтижелерді түзету мақсатында әдістер мен құралдарды түрлендіру мүмкіндігі қаралуы қажет.

- Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайда қызмет.

- Педагогикалық технологияны басқа білім беру ордасында басқа субъектілердің де пайдалануы.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында балалармен меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны ұлғайып өсіп келеді. Білім беру саласында интерактивті техника және технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде.

Жаңа технологияны енгізу барысында оқытушылардың зияткерлігі мен парасаттылығы, белсенділігі, шығармашылық ізденісі, шәкірттерінің білімін бағалауы шешуші роль атқарады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. [3,б.681 6]

Кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу және сұрыптау қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру. Педагог жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында өзін-өзі дамытады және қалыптастырады.

Желкілдеп өскен жас шыбықтың тіршілікте бой түзеуі оған жасаған күтіммен байланысты болса, өмір сатысының алғашқы баспалдағын аттаған балауса балғынның болашағы мына-біздер, ұстаздар арқылы басталмақ. Ендеше осы жолда мұғалім қажымай, талмай еңбек етіп, педагогикалық мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана алуы қажет деп ойлаймын. «Ұстаз болу жүректің ұлылығы» деп Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, бала жанының бағбаны, тәрбиенің бастаушысы-ұстаз есімі қашанда ардақты. Лайымда осы есімге лайықты болуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2009.
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.,2001.
3. Халықова К.З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2009.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамлин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68

<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	72
<i>Байгалиева А. А., Жакупова Б. К., Исмаилова С. Ш.,</i> Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту жолдары.....	75
<i>Бадаева М. С.,</i> Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында қолдану.....	78
<i>Байменова А. А., Рахметова Г. М., Соловей Т. Ю.,</i> Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании.....	82
<i>Баймуханова Г. А.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	86
<i>Байшугулова Б. К., Аубакирова К. Е., Жумагулова Т. С.,</i> Заманауи технологиялардың педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері	90
<i>Бактығалиева А. К., Лопарева Ю. В., Усенова Г. Р.,</i> Профессиональный подход в развитии музыкальной одаренности на занятиях вокального ансамбля.....	94
<i>Бармина А. Ю., Станишевская Г. А.,</i> Уровневая дифференциация на уроках – путь к творчеству, знаниям, сотрудничеству.....	98
<i>Батура Л. В., Бабаченко Л. П., Курманбаева И. С.,</i> Технологические приемы работы с интерактивными досками.....	102
<i>Бородина Н. С.,</i> Формирование новой модели сознания и мышления старшеклассников на уроках истории в свете задач программы «Рухани жаңғыру»..	106
<i>Бейсенова С. А.,</i> Тарих сабақтарында «Биоақпарат және синергетика» технологиясын пайдалану тиімділігі.....	109
<i>Бекентаев С. Ж.,</i> Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалану.....	114
<i>Бекмұхамбетова С. Қ.,</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялардың қолданылуы.....	117
<i>Беркімбай Р. Ә.,</i> Информатика мен математика арасындағы пәнаралық байланыстарды жетілдіру.....	121
<i>Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б.,</i> Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	125
<i>Білісбекова Д. Б., Мырзағалиева А. Б.,</i> Инновациялық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі тенденциялары.....	129
<i>Брагина Т. М., Брагин Е. А.,</i> Опыт применения инновационных технологий в повышении образовательного и воспитательного потенциала молодежи через деятельность студенческих клубов.....	132
<i>Вартаньян Г. В.,</i> Как использование дифференцированных заданий влияет на уровень обученности.....	136
<i>Васильева О. М.,</i> Английский язык в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	140
<i>Василькова Н. А.,</i> Проектирование педагогической технологии на основе структурно-функционального инварианта педагогической деятельности.....	143
<i>Винникова Л. В., Жуламанова Д. А.,</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках русского языка и литературы как инструмент деятельности современного учителя.....	149
<i>Гевел Н. В.,</i> Опыт применения технологии развития критического мышления на уроках биологии в рамках современного образования.....	152
<i>Гливина Е., Бактығалиев А. К., Сагумбаева А. С.,</i> Практическая деятельность обучающихся как фактор развития профессиональной компетентности будущих специалистов.....	156
<i>Гурина М. Р., Бургард М. С.,</i> Опыт внедрения системы дуального обучения в лисаковском техническом колледже.....	161
<i>Данильченко Г. И.,</i> Использование кейс-технологии в процессе обучения будущих учителей начальных классов.....	165

<i>Даумова З. С., Козлова Л. В.,</i> Использование инновационных технологий на уроках английского языка.....	169
<i>Дауренбекова А. Т., Исмагулова К. А., Жаңартылған білім беру – жаһандану негізі...</i>	172
<i>Демесенов Б. М., Баянбекова Ж. Б.,</i> Формирование функциональной грамотности учащихся через проработку дескрипторов к лабораторным работам.....	175
<i>Демесенов Б. М., Такенова Н. К., Тасанова Г. А.,</i> Пирамидальная модель для организации практики студентов педагогических вузов.....	180
<i>Демеуов А. Б., Тилекова Ж. Т.,</i> Қазақстанда география білімінің берілу тарихы...	185
<i>Дуйсенбаева Л.Б.,</i> Использование современных педагогических технологий на уроках биологии.....	189
<i>Ершова Н. В.,</i> Как подготовить ребёнка к переходу на обновлённое образование.....	194
<i>Жайворонко И. А., Ткач Н. А.,</i> Новые подходы в преподавании и обучении на интегрированных уроках.....	196
<i>Жаланова Г. Б., Ахметжанова А. Алимova Г. Н.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді қолдану.....	201
<i>Жаменкенова Н. З.,</i> Жаңартылған білім беру аясында сабақта оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері, оқытудың бейімделу жүйесі.....	204
<i>Жандаулет Л. О.,</i> Использование активных методов обучения на уроках русского языка.....	208
<i>Жапарова Т. Ж., Хусаинова Г. Б.,</i> Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушыны өз бетінше ойлай білуге қалыптастыру және дамыту.....	212
<i>Жармухамбетова Г. А., Муханжанова А. С.,</i> Инновациялық технологияларды білім беру үрдісіне енгізу жолында spark құрылғысының мүмкіндіктері.....	216
<i>Жукова А. Ю.,</i> Применения инновационных технологий на уроке химии.....	220
<i>Заремба И. А., Волкова Е. И., Ярош Н. А.,</i> Применение инновационных технологий и методов на уроках в начальной школе в системе современного образования.....	223
<i>Ибраева Л. Д., Карбозова А. Е., Таскожин К. К.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар әдістерді қолдану тәжірибесі.....	229
<i>Иванина С. А.,</i> Опыт логопедической работы с детьми с особыми образовательными потребностями.....	232
<i>Ивышева Э. К., Сейткалиева А. Г., Игілік А. Д.,</i> Инновациялық білім деңгейін көтерудің маңыздылығы.....	236
<i>Идрисов И.К., Баймухаметова Б.Т., Рамазанова А.Д.,</i> Использование стратегий развития критического мышления на различных этапах урока в малокомплектной школе как фактор повышения уровня преподавания.....	239
<i>Искакова А. И., Кулбаева З. Т.,</i> Способы развития основных речевых навыков на уроках русского языка и литературы в рамках внедрения обновленного содержания образования.....	242
<i>Исмагулова И. К., Аксёнова Л. В., Мукенова А. Д.,</i> Игровые технологии на уроках английского языка.....	246
<i>Кадрелинова М. К., Бельская Н. А., Пащенко О. В.,</i> Подготовка к ВОУД в практике современного образования.....	250
<i>Kaliev D. D., Medebaeva A. A.,</i> Zamanauı bilim beru salasyndaǵy koshbasshyǵa tan qasiyter.....	254
<i>Калиев К. А.,</i> Практика применения здоровьесберегающих и информационных технологий в процессе подготовки учащихся спортсменов средних школ в идее культурно-нравственных ценностей «Рухани жанғыру».....	260
<i>Камалова Г. М.,</i> Қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты дамытудың маңызы.....	263
<i>Карбаев Т. Д.,</i> Зерттеушілік әңгіме математика сабақтарында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту тәсілі ретінде.....	266

<i>Қараулова Қ. М., Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....</i>	271
<i>Карпычева Т. М., Использование активных методов и методических приемов в преподавании химии, географии и биологии по обновленной программе.....</i>	274
<i>Катаргина Е. А., Елеупова К.Т., Применение проектной и исследовательской деятельности на уроках музыки.....</i>	279
<i>Кенжегалиева С. К., Аханаева У. А., Баймуратова А. Б., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесі.....</i>	282
<i>Кәріғұл Б. Қ., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....</i>	287
<i>Кириллова Ю. А., Использование икт на уроках математики в коррекционной школе.....</i>	290
<i>Климченко С. А., Взгляд на современный урок: инновации и творчество.....</i>	294
<i>Колесникова И.Е., Имплементация кейс-стади в школьное образование, как технологии мотивирующей обучающихся к использованию проектной деятельности в течение всей жизни.....</i>	298
<i>Косанова А. У., Тажибаева Б. К., Инновациялық технологиялар – болашаққа нық кадам.....</i>	302
<i>Кравченко О. А., Применение инновационных технологий и методик в практике современной школы.....</i>	306
<i>Кравченко Т. Н., Ералина А. Е., Сингапурская технология как современный метод обучения в рамках общеобразовательных дисциплин.....</i>	311
<i>Крекова Н. С., Инновационная деятельность педагога, как одно из условий повышения качества образования.....</i>	313
<i>Куанышева М. К., Опыт применения инновационных технологий и методов современного образования.....</i>	317
<i>Кубекова И. К., Білім мазмұнының жаңарту жағдайында сабақты зерттеу әдісін педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуының тиімді құралы ретінде пайдалану.....</i>	320
<i>Кубекова С. К., Жапарова И. Б., Болат Ә. Қ., Заманауи білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	324
<i>Куйшинова З. Ш., Бекмагамбетов Р. К., Ерменова Б. С., Қазақстан Республикасының білім берудегі заманауи инновациялық технологиялары.....</i>	328
<i>Кумбасова М. Б., Взгляд на дело казахского педагога-просветителя 19 века И. Алтынсарина как на опыт инновационной деятельности.....</i>	331
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т., Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....</i>	334
<i>Кусымбаева С. К., Мусажанова З. Д., Инновационные технологии и методы на уроках биологии в школах, контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	336
<i>Лецинская И. В., Коллективный способ обучения-один из эффективных способов обучения в современном мире.....</i>	340
<i>Маденова Ж. К., Липанова Т. В., Нурғалиева А. С., Опыт применения проектно-исследовательской технологии в практике современного образования.....</i>	343
<i>Мазуренко И. В., Применение деятельностного подхода в обучении младших школьников на уроках математики.....</i>	348
<i>Марняк С. А., Айтуарова Д. И., Опыт применения инновационных технологий и методов на уроках.....</i>	353
<i>Маткеева У. К., Муканова Г. М., Аймуқатова Ж. К., Заман талабына сай инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданудың маңыздылығы.....</i>	356